

Қарағанды облысының мәслихаты

Қарағанды облыстық
мәслихатының 2025 жылғы 11
қыркүйектегі № 307 шешімі

Маслихат Карагандинской области


**«Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген санаттарына тегін
медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін, оның ішінде дәрілік
заттардың, медициналық бұйымдардың амбулаториялық емдеу кезінде
қосымша ұсыну туралы» Қарағанды облыстық мәслихатының 2021 жылғы
25 ақпандағы № 34 шешіміне өзгеріс
енгізу туралы**

Қарағанды облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. «Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген санаттарына тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін, оның ішінде дәрілік заттардың, медициналық бұйымдардың амбулаториялық емдеу кезінде қосымша ұсыну туралы» Қарағанды облыстық мәслихатының 2021 жылғы 25 ақпандағы № 34 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6207 тіркелген) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыстық мәслихат төрағасы**Н. Кобжанов**

«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код

ҚР НҚА ЭББ-гі нақты
құжатқа сілтеу QR-коды

**Қарағанды облыстық
мәслихатының
2025 жылғы 11 қыркүйектегі
№ 307__ шешіміне қосымша**

**Қарағанды облыстық мәслихатының
2021 жылғы 25 ақпандағы №34
шешіміне
1-қосымша**

**Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген санаттарына
амбулаториялық емдеу кезінде қосымша ұсынылатын тегін медициналық
көмектің кепілдік берілген көлемі, оның ішінде дәрілік заттардың,
медициналық бұйымдар**

1. Амбулаториялық емдеу кезінде диагноздармен (рецепт бойынша)
қосымша тегін берілетін дәрілік заттар:

1) «Канакинумаб» дәрілік заты - «Ювенильді идиопатиялық артрит»
диагнозында ;

2) «Тоцилизумаб» дәрілік заты - «Ювенильді склеродермия» диагнозында;

3) «Адалимумаб» дәрілік заты - «Ревматоидты артрит» диагнозында;

4) «Метилпреднизолон» дәрілік заты - «Жүйелік склеродерма» диагнозында;

5) «Азатиоприн» дәрілік заты - «Бехчет ауруы» диагнозында;

6) «Белимумаб» дәрілік заты - «Жүйелі қызыл жегі» диагнозында;

7) дәрілік зат - «Блекфан-Даймонд анемиясы» диагнозында;

8) дәрілік зат - «Өкпе артериялық гипертензиясы» диагнозында;

9) дәрілік зат- «Эпилепсия» диагнозында;

10) дәрілік зат - «Ювенильді идиопатиялық артрит» диагнозы кезінде;

11) дәрілік зат - «Бехтерев ауруы» диагнозында;

12) «Мацитентан» дәрілік заты - «Өкпе артериялық гипертензиясы»
диагнозында;

13) «Кладрибин» дәрілік заты - «Шашыраңқы склероз» диагнозында;

-
- 14) «Секукинумаб», Гуселькумаб дәрілік заттары - «Псориаз» диагнозында;
- 15) «Этеплирсен», «Голодирсен», «Касимерсен» дәрілік заттары – «Дюшеннің бұлшықет дистрофиясы» диагнозында;
- 16) «Секукинумаб» дәрілік заты - «Псориаздық артрит (псориаздық артропатия)» диагнозында;
- 17) «Ритуксимаб» дәрілік заты - «Оптикалық спектрдің невромиелит аурулары» диагнозында;
- 18) «Омализумаб» дәрілік заты - «Бронхиалды астма» диагнозында;
- 19) «Селуметиниб» дәрілік заты - «Нейрофиброматоз» диагнозында;
- 20) «Велаглуцераза альфа» дәрілік заты - «Болезнь Гоше» диагнозында;
- 21) «Буросумаб» дәрілік заты - «Фосфор алмасуының бұзылуы» диагнозында;
- 22) «Ланаделумаб», «C1 эстераза тежегіші» дәрілік заттар - «Бастапқы иммундық тапшылық. Комплемент жүйесіндегі ақау» диагнозында;
- 23) «Адам иммуноглобулині» дәрілік заты - «Басқа да қабынбалы полинейропатиялар» диагнозында.
2. Амбулаториялық емдеу кезінде медициналық бұйымдар келесі диагнозбен тегін:
- медициналық бұйымдар (рецепт бойынша) «Буллезді эпидермолиз» диагнозы бар азаматтарға.